

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
06.05.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 06.05.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне парламенттік оппозиция мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Бұл мәселе бойынша да баяндама жасау үшін сөз депутат Перуашев Азат Тұрлыбекұлына беріледі.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралатын заң жобасы алдыңғы заң жобасы сияқты республика Президенті Тоқаевтың парламенттік оппозиция институтын заңнамалық бекіту туралы тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді.

Президенттің тапсырмасы Парламент қызметі аясында оппозицияның толыққанды жұмыс істеу кепілдігіне байланысты болғандықтан, осы құжатта енгізілген ерекше саяси мағынасы бар заңнамалық өзгерістер оппозицияның саяси бағдарламаларын депутаттық өкілеттік ретінде жүзеге асыруына арналған.

В Законе «О комитетах и комиссиях Парламента Республики Казахстан» предлагается закрепить, что председатель одного из постоянных комитетов Мажилиса избирается исключительно из числа депутатов от оппозиции.

Аналогичное правило избрания от парламентской оппозиции предложено ввести для секретарей двух постоянных комитетов Мажилиса.

К сожалению, Правительство в своем заключении не поддержало поправки законопроекта в Закон Республики Казахстан «О средствах массовой информации», связанные с равным освещением государственными СМИ и другими СМИ в рамках госинформзаказа деятельности парламентской оппозиции наряду с освещением деятельности партии власти.

Согласно Конституции Парламент может вносить нормы, содержащие расходы бюджета, только с согласия Правительства. Поэтому эти поправки были отклонены.

Дегенмен жоғарыда айтылған кейбір ұсыныстарымыздың қолдау таппағанына қарамастан, ұсынылып отырған жоба алдындағы заң жобасына өзгерістермен қоса парламенттік оппозиция қызметінің және партиялық

пікірталастардың берік кепілдігін қалыптастырып, елдің демократиялық дамуында едәуір қадам болады деп санаймыз.

Мемлекет басшысына маңызды саяси шешім қабылдағаны үшін заң жобасын талқылауға қатысқан азаматтар мен сарапшыларға, сонымен бірге жұмыс тобы мүшелеріне алғысымызды білдіреміз.

Әріптестерімізді заң жобасын қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Махамбетов Мансұрхан Махамбетұлына беріледі.

МАХАМБЕТОВ М.М. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Азат Тұрлыбекұлы! Парламенттік оппозиция демократиялық қоғамның қажетті атрибуты болып табылады. Осыған байланысты құқықтық мүмкіндіктер деңгейі мен оларды іске асырудың институционалдық кепілдіктерін арттыру қажеттігі пісіп-жетілді. Сондықтан мен осы заң жобасын қолдаймын.

Менің сұрағым нақтылаушы сипатта.

Әлемдік практикада парламенттік оппозиция мәртебесі көптеген елде, оның ішінде көршілес мемлекеттерде айқындалған. Әрбір елде парламентаризмнің дамуының өз ерекшелігі бар екені түсінікті. Дегенмен заң жобасын әзірлеу кезінде сіздер халықаралық тәжірибені зерделедіңіздер ме? Осы жайтты білгім келеді. Рақмет.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Әрине, осы заң жобасын дайындағанда біздер халықаралық тәжірибені, әсіресе дамыған демократиялық елдердің тәжірибесін мұқият зерттедік. Тіпті заң жобасының кейбір тұжырымдамалары еурокомиссияның демократиялық парламенттегі оппозицияның рөлі туралы ресми баяндамасынан тікелей алынған. 2013 жылы «Ақ жол» демократиялық партиясы әзірлеген заң жобасы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Демократиялық институттары мен адам құқықтары бюросына қорытынды үшін жіберілді. Сол бюроның сарапшылары 41 баптан тұратын оң қорытындысын берген болатын.

Осы заң жобасын біз Парламентке енгізген кезде Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымынан жұмыста серіктестік үшін біздің партияға алғыс хаты келіп түсті. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Унжакова Ирина Сергеевнаға беріледі.

УНЖАКОВА И.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайроллаевич.

Уважаемый Азат Турлыбекович! Статья 7 Закона «О комитетах и комиссиях Парламента Республики Казахстан» предусматривает, что председатели постоянных комитетов в обеих палатах Парламента избираются из числа депутатов. При этом в действующей редакции не оговаривается, кто может выдвигать кандидатуры на указанные должности.

Законопроектом предлагается поправка, гарантирующая право парламентской оппозиции выдвигать из числа своих депутатов кандидатуры на должность председателя постоянного комитета Мажилиса, в то время как

партия парламентского большинства, имеющая наибольшее количество мандатов, такого права не имеет.

В связи с этим у меня к Вам следующий вопрос.

Как Вы считаете, Азат Турлыбекович, такая поправка не нарушает ли норму о равном статусе депутатов Парламента? Спасибо.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Спасибо за вопрос.

Я таких угроз ущемлению прав парламентского большинства не вижу. Вы знаете, что согласно пункту 120 Регламента Мажилиса право выдвижения на должность председателя комитета принадлежит любому депутату Мажилиса. Понятно, что фракция парламентского большинства, имея абсолютное большинство в составе депутатов, может избрать любого председателя любого комитета. Наше предложение как раз таки направлено на гарантирование защиты прав парламентского меньшинства, парламентской оппозиции. То есть никакого ущемления прав парламентского большинства не усматривается, во всяком случае нами. Мы в большей степени нацелены на гарантию права парламентской оппозиции возглавить один из комитетов Мажилиса. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Ахметбеков Жамбыл Әужанұлына беріледі.

АХМЕТБЕКОВ Ж.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Азат Тұрлыбекұлы! Заң жобасымен ұсынылып отырған нормаға сәйкес Мәжілістің тұрақты комитеттері бірінің төрағасы Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен Мәжіліс отырысында ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы парламенттік оппозиция депутаттарының арасынан сайланады. Бұл парламенттік оппозицияның құқығы болғандықтан мен мұны қолдаймын. Бірақ сайлау тетігі бойынша сұрағым бар.

Егер кандидат қажетті дауыс санын жинай алмаса, парламенттік оппозиция арасынан депутатты комитет төрағасы етіп сайлау туралы норманың орындалуы қалай қамтамасыз етілетін болады? Осы мәселені айтуыңызды өтінемін. Рақмет.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Осы норманы іске асыру мәселелері ағымдағы заңнамада қарастырылған, оның ішінде кандидат қажетті дауыс жинай алмаған жағдай да реттелген. Тиісті комитетте төраға лауазымы оппозицияға арналса, бірақ оппозицияның ұсынылған кандидаты өтпесе, оппозицияның басқа үміткерді ұсынуға хақы бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Рау Альберт Павловичқа беріледі.

РАУ А.П. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

У меня вопрос к представителю Министерства юстиции.

Уважаемая Наталья Виссарионовна! Сейчас нам было объяснено, что парламентская партия позиционирует себя оппозиционной на Бюро. Нужно ли этот статус еще как-то формализовать, в частности, через уставные документы? Требуется ли внесение каких-то изменений и дополнений, может быть, при регистрации, чтобы закрепить этот статус? Потому что сегодня

можем себя объявить на Бюро, завтра можем снять. Как это вообще регулируется, на Ваш взгляд? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Наталья Виссарионовна.

ПАН Н.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич. Спасибо, Альберт Павлович, за вопросы.

Согласно Закону «О политических партиях» политические партии свободны в выборе цели, форм и методов ведения деятельности. Если партией, войдя в состав Мажилиса Парламента или маслихата, будет принято решение о том, что она объявляет себя оппозиционной, если потребуются изменения в устав, то изменение уставных целей и наименования является основанием для государственной регистрации. Поэтому это право политической партии. Изменения нужно будет зарегистрировать, если в устав будут внесены поправки и партия объявит себя оппозиционной, с оппозиционными целями. Спасибо.

ТӨРАҒА. Это необходимое требование?

ПАН Н.В. Нет, это не необходимое требование. На выбор политической партии.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Пожалуйста, Азат Турлыбекович.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Уважаемые коллеги, если партия закладывает в устав, что она будет оппозиционной, то она заранее соглашается с тем, что она проиграет на этих выборах. Любая партия должна идти на выборы с целью победить на них. Какой бы сильной ни была действующая партия власти, у любой партии есть шанс победить на выборах, она должна бороться. А по итогам выборов партия может объявить себя оппозиционной, именно по итогам выборов. Я так думаю. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Козлов Евгений Александровичка беріледі.

КОЗЛОВ Е.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемый Азат Турлыбекович! Депутатами внесена поправка, согласно которой секретари двух постоянных комитетов Мажилиса избираются из числа депутатов парламентской оппозиции. Вместе с тем сегодня секретарями двух постоянных комитетов Мажилиса уже являются представители парламентской оппозиции, парламентского меньшинства. Это действующая практика.

Хотелось бы узнать, в связи с чем была внесена такая поправка и есть ли необходимость во внесении такой поправки? Рақмет.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Спасибо.

Да, Вы правы. Сегодня сложилась такая практика, но она сложилась исторически или естественно в результате отношения руководства Палаты, рабочих отношений между фракциями. Мы за это благодарны нашим коллегам. Мы видим в целом по тенденции, которая происходит, что дискуссии обостряются. Вполне возможно, что в следующих составах Парламента конкуренция фракций станет более острой, а отношения между

фракциями, парламентским большинством и парламентской оппозицией станут более жесткими и более сложными. Поэтому мы хотим закрепить формат конструктивного взаимоотношения, чтобы он не зависел только от отношения руководства Палаты или личных отношений депутатов, а стал нормой закона. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Магеррамов Магеррам Мамедовичке беріледі.

МАГЕРРАМОВ М.М. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Азат Турлыбекович! Смоделируем следующую ситуацию. В одном из постоянных комитетов на должности и председателя, и секретаря будут претендовать представители парламентской оппозиции. Может ли такая ситуация возникнуть на практике и как это отражено в законопроекте? Спасибо.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Спасибо.

Такая возможность есть, но я думаю, что сама оппозиция не заинтересована в распылении своих сил. Исходя даже из нынешней ситуации, мы понимаем, что... Вот по практике конкретно фракции «Ак жол» мы постарались наших депутатов распределить по разным комитетам, чтобы быть в курсе всего законотворческого процесса, который происходит.

Поэтому в ходе обсуждения в рабочей группе, в этот законопроект была внесена поправка о том, что представители парламентской оппозиции, являющиеся секретарем или председателем, работают в разных комитетах. Это сделано с целью охвата большего числа направлений и отраслей законотворчества. Спасибо.

ТӨРАҒА. Коллеги, я твердо уверен, что мы тем самым не сужаем, а, наоборот, расширяем возможности парламентской оппозиции и, откровенно говоря, повышаем уровень ее представленности. А так все может сосредоточиться же в одном комитете, допустим, в одном комитете председатель и секретарь будут являться представителями оппозиционной партии или фракции. Палата может принять решение (сегодня в Регламенте закреплено 7 комитетов), и что, тогда они все будут сосредоточены в одном комитете?

На такой случай у нашего народа есть хорошая пословица: «Бір ауылда мың туыс болғанша, мың ауылда бір-бір туыстан болсын». То есть чем в одном ауле у тебя тысяча родственников, лучше в тысяче аулов по одному.

Поэтому в каждом комитете по одному представителю. Я думаю, будет тогда правильно четко прописать, что депутаты от парламентской оппозиции избираются на должности председателя и секретаря различных комитетов. Тем самым мы только расширяем, о чем сегодня говорил докладчик, диапазон вопросов, которые они могут проводить через решение постоянных комитетов Мажилиса. Это только для расширения возможностей парламентской оппозиции.

Сөз депутат Еспаева Дания Мәдиқызына беріледі.

ЕСПАЕВА Д.М. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Азат Турлыбекович! Сегодня, наверное, один из больших обсуждаемых вопросов – это должность председателя постоянного комитета. Как отмечалось, в законопроекте парламентской оппозиции гарантируется право выдвигать из числа своих депутатов кандидатуру на должность председателя постоянного комитета.

В связи с этим у меня технические вопросы:

1. Каким образом будет происходить эта процедура?
2. Если оппозиционные партии не договорились о единой кандидатуре, то как будет определяться председатель комитета от парламентской оппозиции в целом? Спасибо.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Спасибо за вопросы.

Действительно, когда мы в партии «Ак жол» готовили этот законопроект, оставляли этот вопрос на потом, считали, что он должен решаться по мере развития, по мере реализации. Спасибо профильному комитету, в ходе работы над законопроектом в рабочей группе параллельно, как Нурлан Зайруллаевич отметил, обсуждался и Регламент, как и должно быть, в принципе, в законодательстве (рассматривается не только закон, но и соответствующие подзаконные акты). Обсуждался вопрос, что в Регламент нужно будет вносить, видимо, поправку, которая предусматривала бы все эти вещи.

По идее, мы обговорили такой момент, что оппозиционные партии должны будут договориться выдвигать единого кандидата на пост председателя комитета. В том случае, если этого не произойдет, как Вы говорите, тогда каждая фракция вынесет свою кандидатуру, в конце концов это право пленарного заседания Мажилиса (председателей комитетов выбирает именно пленарное заседание Мажилиса), то есть выборы председателя будут происходить в открытой конкуренции, через открытые процедуры. Спасибо.

ТӨРАҒА. То есть здесь все понятно, да? Если оппозиционные партии у себя не договорятся, проведя консультации, тогда этот вопрос будет вынесен на пленарное заседание и здесь уже будет определяться.

Возвращаясь к предыдущим вопросам в отношении гарантированной квоты для парламентской оппозиции. Если бы ее не было и не было бы прописано, то в такой же аналогичной ситуации партия парламентского большинства могла бы забрать и этот комитет. Тогда получилось бы так, что парламентская оппозиция не занимала бы ни в одном комитете позицию председателя. Теперь эта гарантированная квота дает возможность в том случае, если кандидатура не проходит голосование (как сегодня в одном из вопросов было озвучено), выдвигать другую кандидатуру, но пока не определится кандидат и пока этот кандидат не пройдет от парламентской оппозиции, это место не может быть занято парламентским большинством.

Еще раз хочу обратить внимание, что тем самым гарантируется для парламентской оппозиции одна квота по председателю одного из комитетов.

Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Азат Тұрлыбекұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті депутаттар, қосымша баяндама жасау үшін сөз депутат Дүйсенбинов Берік Сәлімжанұлына беріледі.

ДҮЙСЕНБИНОВ Б.С. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Қадірлі әріптестер! Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған ілеспе заң жобасының негізгі мақсаты – парламенттік оппозиция институтын қалыптастыруды реттеу саласындағы құқықтық негіздерді қамтамасыз ету болып табылады.

Заң жобасындағы парламенттік оппозицияға өз депутаттарының арасынан Мәжілістің тұрақты комитеттерінің төраға лауазымына кандидатуралар ұсыну құқығы берілетін және де осы тұрақты комитеттердің біріне парламенттік оппозиция тарапынан ұсынылған депутаттың төраға болып сайлану кепілдігі заңмен бекітілетін нормалар депутаттардың ұсынысымен нақтыланды.

Сонымен қатар заң жобасын талқылау барысында парламенттік оппозицияға кіретін депутаттардың Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің жұмысына қатысу құқықтарын бекіту мақсатында заң жобасымен парламенттік оппозицияға өз депутаттарының арасынан Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттерінің хатшысы лауазымына кандидатура ұсыну құқығымен қатар кемінде екі тұрақты комитеттің хатшылары кепілді түрде парламенттік оппозиция өкілдерінен сайлануға мүмкіндік беретін түзету енгізілді. Ол бірауыздан қолдау тапты.

Заң жобасын талқылау кезінде құқықтық олқылықтарды болғызбау, заң жобасының нормаларын бір-біріне сәйкес келтіру мақсатында заң техникасы бойынша редакциялық, нақтылаушы сипаттағы түзетулер енгізілді.

Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті заң жобасын қарап шығып, жұмыс тобының редакциялық сипаттағы өзгерістер бөлігіндегі ұсыныстарын қолдады.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобасында ұсынылып отырған жаңашылдықтар Қазақстан Республикасындағы парламентаризмді одан әрі жетілдіруге бағытталған ерекше маңызы бар деп айтсам артық болмас.

Жалпы, демократиялық қоғамның ажырамас бөлігі және өркениетті саяси мәдениеттің белгісі ретінде осы «парламенттік оппозиция» ұғымының Қазақстан Республикасы Парламентінің саяси айналымына бүгін ресми енуі – Қазақстан парламентаризмінің дамуының маңызды саяси қадамы деп санаймын.

Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті заң жобасын мақұлдап, оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуге болады деп есептейді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет. ТӨРАҒА. Рақмет, Берік Сәлімжанұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Қоңыров Айқын Ойратұлына беріледі.

ҚОҢЫРОВ А.О. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемые коллеги! Актуальность данного законопроекта, основные положения которого нам подробно изложил наш коллега Азат Турлыбекович, не вызывает никаких сомнений.

Как известно, одним из важнейших атрибутивных признаков современной демократии является наличие конструктивного партнерства между большинством и меньшинством в парламентской деятельности современных органов законодательной власти.

Эффективным механизмом представительства и защиты интересов и прав парламентской оппозиции является юридическое закрепление статуса парламентской оппозиции.

Защита интересов и реализация прав парламентской оппозиции, в свою очередь, безусловно создадут благоприятные условия для построения конструктивного диалога между парламентским большинством и парламентской оппозицией, окажут положительный эффект для дальнейшего развития парламентаризма в Казахстане.

Уверен, что предлагаемые поправки способствуют дальнейшему развитию плюрализма в стране и обеспечат защиту интересов избирателей политических партий, являющихся парламентской оппозицией.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Қаулы жобасы бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 81, «жақтағандар» – 81. Шешім қабылданды.



*Дүрбие: Құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Майынғали.*